


# Салықтар және салық жүйесі

ТУРИЗМ. 2-КУРС. 2-ТОП. 4-топша

Орындаған:

Сейітбек Ж.

Тоқтауғали А.

Төлеубаева А.

Төребек С.

Уайысқан А

Шымырбек Н.

Тексерген: Қыздарбекова А.

- 1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекетті реттеп отыруға бағытталған болатын.
- Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.



fppt.com



Салық – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер

Салықтар – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекет пен екі арадағы мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық санат.

Салықтардың, оларды төлеушілердің, салықтарды алу әдістерінің, салық жеңілдіктерінің жиынтығынан болатындығынан салық жүйелерінің әжептәуір күрделі үлгілері болуы мүмкін.

fppt.com

Салықтардың экономикалық мәні мынада:

салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін білдіреді.

Сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының белгілі бір мөлшерін мемлекет үлесіне жинақтап, жиынтықтаудың қаржылық қатынастарын көрсетеді.

fppt.com

# Салықтар негізгі мынадай қызметтері (функциялары) бар:

1. реттеушілік;
2. фискалдық;
3. қайта бөлу.

fppt.com

# Салықтар:

1. Корпорациялық табыс салығы
2. Жеке табыс салығы
3. Қосылған құнға салынатын салық
4. Акциздер
5. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері
6. Экспортқа шығарылатын шикі мұнайға салынатын рента салығы
7. Әлеуметтік салық
8. Жер салығы
9. Көлік құралдарына салынатын салық
10. Мүлік салығы
11. ҚР жасалған келісім-шарттары бойынша өнімді бөлу жөніндегі үлесі






fppt.com



# Салықтың түрлері бөлінеді:

1)Салықты алу тұрғысынан

2) Салық өсімі – арқылы

3) Бюджет деңгейіне байланысты

fppt.com

2) Салық өсімі – арқылы:

- а) Прогрессивті табыстың өсуіне қарай салық мөлшері өседі;
- б) Пропорционалды – табыс өссе де, салық тұрақты түрде қалады (қосымша құн салығы)
- в) Регрессивті – табыс өскен сайын салық мөлшері төмендейд;.



fppt.com



Салықты алу тұрғысынан

а) Тікелей салықтар – олар кәсіпорындар мен тұрғындардан тікелей алынады (мүлік, көлік, табыс, жер, құнды қағаздар операциясынан алынатын салықтар);

б) Жанама салықтар – бұл салықтарды мемлекет тікелей емес баға арқылы айналдыра отырып алады (кеден – баж, акциз, қосымша құн салығы);

Бюджет деңгейіне байланысты:

а) Жалпы мемлекеттік салықтар – мемлекеттік бюджетке түсетін салықтар (табыс, қосымша құн, акциз, құнды қағаздар операциясынан, арнайы қазба төлемдері мен жер байлығын пайдаланғандағы салықтар);

б) Жергілікті салықтар – жергілікті бюджетке түсетін салықтар (мүлік, көлік, құрал – жабдық салығы, кәсіпкерлерді тіркеуден алынатын, белгілі бір қызмет түріне құқық беруден, аукционнан, т.б. алымдар).

fppt.com

# Салықтар –

бұл белгіленген мөлшерде және көрсетілген мерзімдерде мемлекеттің өзінің қызметтері мен міндеттерін жүзеге асыруының көзі болып табылатын ұлттық табыстың бір бөлігі.





***Қазақстан Республикасы Салық кодексіне*** *сәйкес*, мемлекеттің біржақты тәртіпте заңды түрде белгілеген, белгілі бір мөлшерлердегі, қайтарусыз және өтеусіз сипатты білдіретін, бюджетке түсетін міндетті ақшалай төлемдері салықтар болып түсіндіріледі.

## Бюджетке түсетін міндетті төлемдердің түрлері

| Салық | Баж салығы | Алым | Төлем ақы |
|---|---|---|---|
| Белгілі бір мөлшерде төленетін қайтарусыз және өтеусіз сипатты білдіретін тұрақты, жүйелі төлем | Мемлекеттік органдардың заңдық маңызды әрекеттер жасағаны үшін біржолғы төлем | Қызметті жүзеге асыру құқығы немесе пайдалану құқығы үшін мемлекетке біржолғы төлем | Өтемдік (орнын толтырушылық сипатты білдіретін табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін тұрақты төлем) |

# 55-бап. Салықтың түрлері

- корпоративтік табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- қосылған құн салығы;
- акциздер;
- экспортқа рента салығы;
- жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары
- әлеуметтік салық;
- көлік құралы салығы;
- жер салығы;
- мүлік салығы;
- ойын бизнесі салығы;
- тіркелген салық;
- бірыңғай жер салығы;



# Мемлекеттік баж:

1. Сотқа берілетін талап арыздардан:
2. Нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін;
3. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар мен қайтадан куәліктер бергені және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер бергені үшін;
4. Шетелге тұрақты тұруға баруға және ҚР басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін;
5. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына ҚР кету және ҚР келу құқығына ҚР аумағында виза бергені үшін;
6. ҚР азаматтығын алу, ҚР азаматтығын қалпына келтіру және ҚР азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін;
7. Тұрғылықты жерін тіркегені үшін;
8. Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін;
9. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балықтардың түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат бергені үшін;
10. Жеке басты куәландыратын құжаттарды бергені үшін және т.Б. Барлығы 15 түрі.

# Алымдар:



- тіркеу алымдары;
- автокөлік құралының Қазақстан Республикасы аумағымен жүргені үшін алым;
- аукционнан алынатын алым;
- жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
- телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;

# Төлемақылар:



1. жер учаскесін пайдаланғаны үшін;
2. үстіңгі көздерден су ресурсын пайдаланғаны үшін;
3. қоршаған ортаға эмиссия үшін;
4. жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін;
5. орманды пайдаланғаны үшін;
6. ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін;
7. радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін;
8. қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін;
9. кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін;
10. сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастырғаны үшін

# Салықтардың қызметтері

Салықтардың қызметтері

фискалды

Бақылау



Реттеуші

Ынталандырушы

Ынталандыруға кері әсер ететін

Ұдайы өндірушілік

Қайта бөлушілік



# Салық салудың негізгі элементтері.

- **Салық субъектісі** – бұл, заңмен, салық төлеу міндеттілігі жүктелген жеке немесе заңды тұлға;
- **Салықты қолданушылар** – оны өз кірістері есебінен төлейтін, салықтың түпкі немесе нақты төлеушілері;
- **Салық объектісі** – кіріс, мүлік, қызмет түрі, қызмет көрсету, ақша операциялары, заттар (тауар-материалдық құндылықтар);
- **Салық кадастры** – салық салуға жататын объектілер тізімдемесі, аталған салық салу объектісі категориясының орташа табыстылық нормалары осы негізде анықталады;

# Салық салудың негізгі элементтері.

**Салық салу бірлігі** – санау үшін белгіленген, салық объектісін өлшеу бірлігі: бір ақша (теңге) бірлігі, бір гектар, тауарды өлшеу бірлігі;

**Жеңілдік кезең** – сол кезең ішінде заңда белгіленген салықтар жөніндегі жеңілдіктер қолданылатын уақыт;

**Салық мөлшерлемесі** (квота, үлес, зерттеліп отырған процесс немесе құбылыстың жалпы көлеміндегі көрсеткіштің бір бөлігі) – салық базасы өлшемінің бірлігіне пайыздармен немесе абсолюттік сомада белгіленетін, салық базасы өлшемінің бірлігіне салық есептеу мөлшері;

**Тұрақты мөлшерлемелер** – табыстың мөлшеріне қатыссыз, салық салу бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді (нақты салық – жер салығын салу кезінде қолданылады).





# Салық салудың негізгі элементтері.

**Салық ауыртпалығы** – қоғам өміріндегі салықтардың рөлін сипаттайтын және жиынтық ұлттық өнімге салық алымдары сомасының қатынасы ретінде анықталатын, жинақталған көрсеткіш;

**Салық базасы** – салық салудың құндық, физикалық немесе басқалай сипаттамасы;

**Салық иммунитеті** – ерекше артықшылық жағдайды пайдаланатын тұлғалардың салық төлеу міндеттерінен босатылуы (мысалы, дипломатиялық корпус);

**Салық жеңілдіктері** – заңдарға сәйкес салық төлеушілердің салық төлеуден толық немесе ішінара босатылуы.



Салық төлеуші – салық міндеттемесін, салық агенті салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндетті Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес толық көлемде және белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

# Салық салудың әділдігі принципі

Қазақстан Республикасында салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады.

Жеке-дара сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады.





# НАЗАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!